


«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан гөлбол федерациясы» ЗТБ
призиденті

М.М. Елибаев
« » 2024 ж.
БСН/БИН
141040030220

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Оқу –
ағарту министрлігінің «Ұлтық
ғылыми - практикалық дене
тәрбиесі орталығы» РМҚК
бас директорының міндетін
атқарушы

А.Е. Туйебаев
« » 2024 ж.

ГОЛБОЛДАН «СЫЛДЫРМАЛЫ ДОП» ИНКЛЮЗИВ БАЛАЛАР АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС РЕГЛАМЕНТІ

Астана қ. 2024 жыл



I. Турнирдің мақсаттары мен міндеттері

- 1.1. - көру мүгедектігімен балалар арасында балалар мен жасөспірімдер спортын насихаттау және дамыту;
- мектеп жасындағы балаларды голбол сабақтарына тарту;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- балаларды темекі шегудің, алкоголь тұтынудың, нашақорлықтың, балалар-жасөспірімдер қылмысының, діни экстремизмнің зиянды әдеттерінен алшақтату;
- моральдық-ерік, этикалық-адамгершілік, патриоттық қасиеттерді тәрбиелеу;
- голболдан ұлттық құраманың резервін қалыптастыру үшін талантты ойыншыларды анықтау;
- өңірлердің мамандандырылған мектептерінде спорт түрінің даму деңгейін анықтау.

II. Турнирдің басшылығы

- 2.1. Турнирді дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты құрамына өкілдері кіретін Ұйымдастыру комитеті (өткізу жөніндегі штаб) жүзеге асырады:
- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚРОАМ ҰҒПДТО).
 - Қазақстан Голбол федерациясы (бұдан әрі - ҚГФ).
- 2.2. Турнирді өткізу жөніндегі тікелей басшылық құрамын ұйымдастыру комитеті бекітетін төрешілер алқасына жүктеледі.
- 2.3. Турнирдің бірінші кезеңін өткізу жауапкершілігі білім басқармаларының, дене шынықтыру және спорт басқармаларының, голбол өңірлік федерацияларының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдерінен тұратын облыстық ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.

III. Турнирдің өтетін орны мен мерзімі

- 3.1. Турнир екі кезеңде өткізіледі.
- 3.1.1. бірінші кезең - мектепішілік жарыстар (сыныптар арасында, 2023 жылғы қазан - желтоқсан)
- 3.1.2. екінші кезең - республикалық жарыстар (финалдық кезең – бірінші кезеңнің жеңімпаздары, 2024 жылғы наурыз - сәуір)
- Турнирдің финалдық кезеңі әр жас санаты бойынша бөлек келесі тәртіпте өткізіледі:

Ойыншылардың жасы	Күн саны	Өткізу уақыты (2024 ж.)	Өткізу орны
2006-2008 ж.ж.	5	Алматы қ. (25-31 наурыз)	Қаз ҰПУ спорт залы Уәлиханов к-сі, 64А
2009-2011 ж.ж.	5	Алматы қ. (25-31 наурыз)	Қаз ҰПУ спорт залы Уәлиханов к-сі, 64А

IV. Турнирдің қатысушылары мен шарттары

- 4.1. Турнирде көру бойынша мамандандырылған және инклюзивті мектептердің құрама командалары, екі жас тобында қатысады:
- бірінші жас тобы - 2006-2008 ж.ж. ұлдар
- 2006-2008 ж.ж. қыздар
- екінші жас тобы - 2009-2011 ж.ж. ұлдар
- 2009-2011 ж.ж. қыздар
- 4.2. Көру бойынша мамандандырылған және инклюзивті мектептердің оқушылары осы ереженің барлық талаптарын сақтай отырып, турнирге өздері оқитын мектептерін ұсынуға құқылы.
- 4.3. Республикалық турнирге қатысатын барлық ойыншылар турнирге дайындық және қатысу кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылуға жатады. Сақтандыруға жауапты - білім басқармаларының басшылары, жаттықтырушы-оқытушылар, дене шынықтыру пәнінің педагогтері, жолда және жарыс кезінде спортшылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына команда өкілдері мен жаттықтырушылар, оқытушылар жауап береді.

- 4.4. Турнирді өткізу форматы қатысушы командалардың санына байланысты ұйымдастыру комитетімен анықталады. Екінші кезеңге бірінші кезеңде бірінші орын алған командалар шығады.
- 4.5. Турнирдің екінші кезеңіне өтінім берген кезде командалар тиісті ұйымдастыру комитетіне мыналарды ұсынады:

- өтінім парақтарын. Команданың өтінім парағына 6 ойыншыдан, бір жаттықтырушыдан, бір төрешіден және команданың бір өкілінен аспайтын адам саны енгізіледі. Өтініш парағын дәрігер және мектеп директоры растайды.
- паспорт - 2-ші жас санаты үшін. Паспорт немесе жеке куәлік - 1-ші жас санаты үшін, сондай-ақ мүгедектік туралы анықтама.
- қол қойылған құжаттардың түпнұсқалығы үшін толық жауапты директор куәландырған фотосуреті және мектеп мөрі бар оқушының жеке парағы.
- облыстық білім басқармасының бұйрығы Астана, Алматы, Шымкент қалаларына қатысушыларды атаулы атап тізімен іссапарға жіберуге.

Жоғарыда аталған құжаттары жоқ командаларға турнирдің екінші кезеңіне қатысуға рұқсат етілмейді.

- 4.6. Турнирдің өткен бірінші кезеңін өткізу туралы есептерді тиісті ұйымдастыру комитеті ҚГФ-не ұсынады.

- 4.7. Турнир матчтарының ұзақтығы:

ойыншылардың жасы	таймдар саны	таймның ұзақтығы	үзілістің ұзақтығы
2006-2008 ж.ж.	2	12 минут	5 минут
2009-2011 ж.ж.	2	9 минут	5 минут

- 4.8. Турнирді өткізу кезінде матчтың хаттамасына 6 ойыншыдан көп емес енгізілуі мүмкін.

- 4.9. Барлық ойындар IBSA голбол ойынының халықаралық Ережелеріне сәйкес өткізіледі.

V. Өтінім, қосымша өтінім, ауысулар

- 5.1. Республикалық турнирге қатысу үшін командалар жалпы білім беретін мектеп басшысының мөрімен және қолымен белгіленген үлгідегі ресми өтінім беруі тиіс.
- 5.2. Барлық ойыншылар көру қабілеті бойынша мамандандырылған және инклюзивті мектептердің дәрігерінен рұқсат алуға міндетті, ол дәрігердің қолымен және белгіленген үлгідегі ресми өтінімде оның мөрімен расталады.
- 5.3. Республикалық турнирдің барлық кезеңдерінде тек ресми өтінім қабылданады және жарамды (мөрлердің түпнұсқаларымен және басшының қолымен)
- 5.4. Республикалық турнирдің ресми өтініміндегі команданың сандық құрамы алты ойыншыдан аспайды, жаттықтырушы, команданы сүйемелдейтін өкіл.
- 5.5. Республикалық турнирдің әрбір жеке матчтың немесе кезеңіне команда команданың ресми өтініміне енгізілгендердің ішінен 6-дан аспайтын және кемінде 3 ойыншыны мәлімдей алады.
- 5.6. Ойыншылардың қосымша өтінімдерін 2024 жылдың 20 наурызына дейін қабылдауға рұқсат етілген.
- 5.7. Өтінімде жаттықтырушылар мен бірге жүретін адамдардың ең көп саны үш адамнан аспауы тиіс.
- 5.8. Ойыншылар, ілесіп жүретін тұлғалардың жаттықтырушылары өтінім бергенге дейін команда өтінімін бас төрешіге барлық жаңа деректерді көрсете отырып, өтінім парағын ұсынуы тиіс.
- 5.9. Командалар бүкіл турнир барысында жаттықтырушылар мен еріп жүрушілерді ұсына алады немесе алмастыра алады.
- 5.10. 20 наурыздан кейін барлық өтінім парақтары «ҚГФ» - ға түседі, ҚР финалына өткен командалар ойыншыларын өзгертпейді.
- 5.11. Алдын ала өтінімдер 2024 жылғы 20 наурызға дейін info@goalball.kz эл.поштасына қабылданады.

Өтінімдер белгіленген нысан бойынша мандаттық комиссияға келген күні беріледі. Қатысушыларда өзімен бірге төлқұжат немесе жеке куәлік, мүгедектік туралы анықтама болуы тиіс.



Анықтама телефоны: 8 777 267-02-51, Шпехт Андрей Валерьевич.

VI. Ойын ережелері

- 6.1. Республикалық турнирдің ойындары «IBSA голболының Ресми Ережелеріне» және осы Регламентке сәйкес өткізіледі.
- 6.2. Инклюзивті мектептерге команда құрамында үш спортшыға дейін мүгедектіксіз болуға рұқсат етіледі. Бірақ ойындарда олар барлық «IBSA голболының ресми Ережелерін» және осы Регламентті сақтайды.
- 6.3. Республикалық турнирдің ойындары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі:
 - Аймақтың республикалық турнирінің бас төрешісі;
 - Республикалық турнирдің бас төрешісі;

VII. Төрешілік

- 7.1. Республикалық турнирдің ойындарына төрешілік ету «IBSA голболының Ресми Ережелеріне» және осы Регламентке сәйкес жүзеге асырылады.
- 7.2. Республикалық турнирдің I кезеңіндегі әр ойынға екі төреші қызмет көрсетеді.
- 7.3. Республикалық турнирдің I кезеңіне төрешілер мен хатшылар бригадасын тағайындауды голбол аймақтық Федерациясы жүзеге асырады.
- 7.4. Республикалық турнирдің II кезеңіне төрешілер мен хатшылар судьяларын тағайындауды ҚГФ жүзеге асырады.
- 7.5. Командалардың республикалық турнирдің матчтарына тағайындалған төрешілерді ауыстыру туралы үндеуі қабылданбайды және қарастырылмайды.

VIII. Санкциялар тәртіптік жазалар

- 8.1. Төрешінің шешіміне дау айту, төрешілерге, қарсыластар мен көрермендерге дөрекі қимылдар, әдепсіз сөздер, допты демонстрациялау және басқа да осындай әрекеттер тәртіпсіз мінез-құлық болып саналады.
- 8.2. Тәртіпсіз мінез-құлық үшін ойыншы ескерту және айып лақтыру арқылы жазаланады. Мінез-құлық ережелерін бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда, ойыншы команданың келесі ойынына шеттетуге жазалануы керек.
- 8.3. Бір ойынға шеттету алғаннан кейін ойыншы Заңсыздықтың ауырлығына байланысты басқа бір ойынды өткізіп жібереді. Бас төреші өз шешімімен шеттетуді қосымша тағы бір ойынға көбейте алады, ол хаттамамен ресімделуі керек.
- 8.4. Ойынға дейін немесе үзіліс кезінде ойнауға арналған жабдықты бұзған ойыншы, бұзылу себептері мен қабылдауына қарамастан, келесі бес ойынға шеттетіліп, бүлінген мүлікті қалпына келтіру туралы мәселе қойылады.
- 8.5. Ойын уақыты аяқталғаннан кейін немесе хаттамаға қол қойылғаннан кейін ойыншы төрешілерге, қарсыластарға немесе көрермендерге қатысты тәртіпті бұзған жағдайда Бас төреші ойыншыға шеттету қоя алады.
- 8.6. Турда аяқталмаған жаза ол қатысатын жарыстың келесі турының ойындарына ауыстырылады.
- 8.7. Команда осы баптың талаптарына сәйкес оны өткізіп жіберуге мәжбүр болған ойыншы қатысқан ойында «құқықтан айыру» жеңілісін есептейді.
- 8.8. Ойынға келмеген командаға 0:10 есебімен жеңіліс есептеледі. Біріншілік барысында 2 ойын өткізіп алған команда жарыстан шығарылады.
- 8.9. Команда мен ойыншыларды жарыстан алып тастауға болады, ал жаттықтырушылар және/немесе олардың көмекшілері спорт ғимаратында да, одан тыс жерлерде де тәртіпті өрескел бұзған жағдайда команда басшылығынан шығарылады (төбелес, төрешінің шешіміне дау айту, төрешілерге, қарсыластар мен көрермендерге қатысты қорлау қимылдары, әдепсіз сөздер, мүлікке зиян келтіру және т.б.).
- 8.10. Ұйымдастыру комитеті командаларға, ойыншыларға, жаттықтырушыларға, жаттықтырушылардың көмекшілеріне және бірге жүретін адамдарға жоғарыда көрсетілген теріс қылықтар үшін басқа да жазалар қолдануға, сондай-ақ турлардың бас төрешілерінің айыппұл санкциялары жөніндегі шешімдерін оларды күшейту жағына қарай қайта қарауға құқылы.

IX. Наразылықтар

- 9.1. Наразылық «IBSA голболының ресми Ережелері» бойынша беріледі.
- 9.2. Матч аяқталғаннан кейін тікелей наразылық білдіру үшін команданың жаттықтырушысы (өкілі) наразылық білдіру ниеті туралы төрешілерді алдын ала хабардар ете отырып, хаттаманың тиісті бағанына қол қояды. Содан кейін 60 минут ішінде жазбаша наразылық



беріледі.

- 9.3. Наразылықтың мазмұнында оны беруге негіз болған себептер көрсетілуге, сондай-ақ осы Регламенттің және «IBSA голболының ресми Ережелерін» бұзуға байланысты мән-жайлар егжей-тегжейлі баяндалуға тиіс.
- 9.4. Хаттамада уақтылы берілмеген және тіркелмеген наразылықтар қарауға қабылданбайды.
- 9.5. Мектеп лигасының Бас төрешісі осы Регламентте көрсетілмеген даулы мәселелерді шеше алмаған жағдайларда жазбаша наразылықтар ҚГФ-на жіберіледі.

Х. Қаржылық шарттар

- 10.1. Лиганың бірінші кезеңіндегі барлық шығындарды мамандандырылған және инклюзивті мектептер көтереді.
- 10.2. ҚР ОАМ ҰҒПДТО мен ҚГФ Лиганың екінші кезеңінде шығындарды көтереді:
 - төрешілер алқасына, медициналық және қызмет көрсету персоналына ақы төлеуге.
 - жарыстардың салтанатты ашылуы мен жабылуын өткізу.
 - медальдар, кубоктар сатып алу, спорттық атрибуттар (грамоталар, дипломдар), баннерлер дайындау.
 - спорттық ғимараттарды, автокөлікті жалға алу.
- 10.3. Командаларды, жаттықтырушыларды, өкілдерді, төрешілерді және спортшыларды іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды жол жүру, жарыстар өткізілетін күндері орналастыру мен тамақтандыру тәуліктік шығыстарын іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

XI. Марапаттау

- 11.1. Екінші кезеңнің финалдық жарыстарында 1,2,3 - орын алған командалар кубоктармен, дипломдармен, тиісті дәрежедегі медальдармен марапатталады.
- 11.2. Жарыс жүлдегерлерін дайындаған командалардың жаттықтырушылары тиісті дәрежедегі медальдармен, дипломдармен марапатталады.
- 11.3. Екі номинация бойынша үздік деп танылған спортшылар (үздік қорғаушы, үздік шабуылшы) дипломмен және сыйлықпен марапатталады.

